

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 мамырдағы № 636 қаулысымен бекітілген Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқоры(бұдан әрі – Дерекқор) «Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді. Бұл дерекқор отандық өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың бір құралы болып табылады.

«Жергілікті қамтуды дамытудың ұлттық агенттігі «NADLoC» АҚ;  
Дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді;

Жергілікті қамтуды дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді;

Ішкі нарықта тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің отандық жеткізушілерін қолдау шараларының тиімділігіне мониторинг жүргізіледі;

Ішкі нарықта тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жылжыту бойынша шығындар бөлігін өтеу бойынша индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласында уәкілетті орган операторының қызметтерін іске асырады;

Индустриалды-инновациялық қызмет саласында жергілікті қамту бойынша жобаларды сараптауды іске асырады.

Дерекқорда тірке артықшылықтары:

Жер қойнауын пайдаланушылар «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдалынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімі» ақпараттық жүйесінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды дерекқорда тіркелген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қазақстандық өндірушілерінен бір көзден сатып алуды өткізеді;

Республикалық Индустриалды картасы жобаларын жергілікті қамту бойынша сараптамадан өткізу кезінде Дерекқорда орналастырылған ақпарат қолданылады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына сәйкес мемлекеттік органдардың қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді басымды сатып алуын қамтамасыз ету; Ішкі нарықта тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жылжыту бойынша шығындар бөлігін өтеу кезінде Дерекқорда орналастырылған қазақстандық тауарлар туралы ақпарат қолданылады.